

## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖҮГІНУЛЕРІ БОЙЫНША ТОП 10 НЕГІЗГІ СҰРАҚТАРЫ

Сұрақтың сипаты	Сұрақ	Жауап
Жер ресурстары	Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін беру	Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін алу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары уақытша өтеулі пайдалану (жалдау) құқығында жер учаскесін жеке тұрғын үй құрылысы үшін беру туралы ерікті нысандағы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) сұралып отырған жер учаскесінің орналасқан жері бойынша береді. Өтініште: жер учаскесін пайдаланудың мақсаты; оның болжамды мөлшері; орналасқан жері.
	Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттыққа (аукцион, конкурс) қатысу	«Приозерск қаласының жер қатынастар, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-сі Мемлекеттік мүлік тізілімінің <a href="http://www.gosreestr.kz">www.gosreestr.kz</a> веб-порталында жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі бағасын көтеру әдісі бойынша электрондық сауда-саттық аукциондарын өткізеді. Аукционға қатысуға өтінім беру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №290 бұйрығымен бекітілген «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 Қаулысы оның ішінде электрондық түрде ұйымдастыру және өткізу қағидасына» сәйкес қабылданады. Аукционға қатысуға өтінімдерді беру және тіркеу аукцион өткізу туралы хабарландыру тізілімінің веб-порталында жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады, содан соң қатысушылар берген өтінімдерін кері қайтара алмайды. Аукционға қатысу үшін мыналарды: 1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болса); 2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса); 3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп-айырысу шотының деректемелерін; 4) байланыс деректерін (почталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail) көрсете отырып, тізілімінің веб-порталында алдын-ала тіркелу қажет. Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін нысан бойынша қатысушының ЭЦҚ қол қойылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімді НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді. Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі. Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион сату объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша басталады. Өрбір сатылған сату объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының сату объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін белгілейтін құжат болып табылады. Сатып алу-сату шарты немесе жалдау шарты электрондық форматта тізілімнің веб-порталында жасалады және сатушы мен сатып алушы ЭЦҚ пайдалана отырып сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде оған қол қояды. Бұл ретте сатушы сатып алушыға сауда саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде қол қоюға сатып алу-сату шартының жобасын ұсынады. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарналар мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың төмендегі шотына төленеді: Назар аударыңыз! Жеңімпазға ол сауда-саттықтардың нәтижелері туралы хаттамаға не сатып алу-сату шартына қол қоймаған жағдайда кепілдік жарнаны қайтармайды. Қалған барлық жағдайларда кепілдік жарналар аукционға қатысушы бірыңғай операторға тізілімнің веб-порталында қатысушының қол қойылған ЭЦҚ арқылы, өтініш берген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қайтарылады. Аукционның өткізілу күні мен сатылымға шыққан нысандардың тізімі жайлы ақпарат <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> – Приозерск қаласы әкімдігі сайтында БАҚ аукционға кемінде 15 күн қалғанда жарияланады. Ұйымдастырушы: «Приозерск қаласының жер қатынастар, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-сі, анықтама алу үшін телефон: 8 (71039) 53248.
	Жер учаскесінің жалға алу мерзімін ұзарту	Жалға алу келісім шартын жаңа мерзімге жасау (жалға алу мерзімін ұзарту) Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 37 бабына сәйкес іске асырылады. Өз міндеттерін тиісінше орындаған уақытша өтеулі жер пайдаланушының (жалға алушы), егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе жалға алу шартында өзгеше белгіленбесе, жер учаскесінің шекаралары өзгермеген жағдайда, жаңа мерзімге шарт жасасуға құқығы бар. жалға алу мерзімін ұзарту үшін Жалға алушы жаңа мерзімге шарт жасасу ниеті туралы жалға берушіні (жергілікті атқарушы органға өтініш) жалға алу шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш ай мерзімде жазбаша хабардар етуге міндетті. Қажетті құжаттар: жер учаскесін жалға алу келісім шарт, жер учаскесін оның нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануы туралы құжат, есебі мемлекеттік кірістер органында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәлімет.
Жер учаскесінен бас тарту	Жеке меншік құқығынан ерікті түрде бас тартқан жағдайда, учаскенің меншік иесі Приозерск қаласы әкімінің атына нотариатта куәландырылған бас тарту туралы өтінішті жібереді. Осы өтінішке құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелерін қоса береді. Приозерск қаласының әкімдігі шара қолдану үшін өтінішті уәкілетті органға жібереді. Егер осы учаскені коммуналдық меншікке қабылдау орынды болса, онда уәкілетті орган учаскені мемлекеттік меншікке беру жөніндегі тиісті іс-қимылдарды қабылдайды. Учаскені мемлекеттік меншікке ауыстырудың орындылығы болмаған жағдайда әкімдік өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Жеке меншік құқығынан ерікті түрде бас тартқан жағдайда, учаскенің меншік иесі Приозерск қаласы әкімінің атына нотариатта куәландырылған бас тарту туралы өтінішті жібереді. Осы өтінішке құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелерін қоса береді. Приозерск қаласының әкімдігі шара қолдану үшін өтінішті уәкілетті органға жібереді. Егер осы учаскені коммуналдық меншікке қабылдау орынды болса, онда уәкілетті орган учаскені мемлекеттік меншікке беру жөніндегі тиісті іс-қимылдарды қабылдайды. Учаскені мемлекеттік меншікке ауыстырудың орындылығы болмаған жағдайда әкімдік өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.	
		<b>Тұрғын үймен қамтамасыз ету</b>
		Тұрғын үй мәселесі қазіргі уақытта ең өткір мәселелердің бірі болып табылады. Оны шешудің әртүрлі жолдары бар: сатыпалу, банктердің ипотека бағдарламалары, қызметтік



ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖҮГІНУЛЕРІ БОЙЫНША  
ТОП 10 НЕГІЗГІ СУРАҚТАРЫ

(жалғасы, басы 4 бет.)

	<p>Мемлекеттен тұрғын үйді қалай алуға болады және оған кімнің құқығы бар:</p> <p>азаматтардың жекелеген топтары үшін баспана алу. Тұрғын үй алуға кезекке қою тәртібі туралы біз аталмыш мақалада айтамыз</p> <p>Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алудың жалпы сызбасы мынадай түрде болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Әкімдікке қажетті құжаттарды жинау және беру немесе онлайн.</li> <li>• Егер құжаттарда бәрі дұрыс болса – 30 күнтізбелік күн ішінде хабарламаны алу және кезекті бақылау (оны онлайн жасау керектігін біліңіз).</li> <li>• Тұрғын үй комиссиясының құжаттарды қарауы және шешімді беру (қалай болатынын қараңыз).</li> <li>• Шарт жасасу (үлгілі күлгі қалай болатынын біліңіз) және тұрғын үй алу.</li> </ul>
<p>Мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алуға кім үміткер бола алады?</p>	<p>ҚР баспана алуға кезекке қою үшін тиісті елді мекенде тұрақты тұру қажет (тұру мерзіміне қарамастан).</p> <p>Коммуналдық немесе мемлекеттік пәтерлер коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан мынадай тұлғаларға ұсынылады (әкімдіктер жалға алған пәтерлер, егер қорға кірсе):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне (онлайн жеңілдіктердің болуы туралы анықтама алу*);</li> <li>• жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;</li> <li>• "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға жататын Қазақстан Республикасы азаматтарының пайдалануына беріледі. Азаматтардың аталған санаттарының жиынтық орташа айлық кірісі тұрғын жай беру туралы өтініш жасау алдындағы соңғы он екі айда отбасының әрбір мүшесіне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен төмен болуға тиіс;</li> <li>• республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс мөлшерінен 3,1 есе төмен отбасының әр мүшесіне баспана ұсыну туралы жүгінер алдында соңғы он екі ай үшін жиынтық орташа айлық табысы бар халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына. Ең төменгі күнкөрістің 3,1 есе мөлшерінің коэффициенті жетім-балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және мүгедек балаларға қолданылмайды;</li> <li>• мемлекеттік қызметкерлерге, бюджеттік ұйым қызметкерлеріне, әскери қызметкерлерге, ғарышкерлікке үміткерлерге және мемлекеттік сайлау лауазымындағыларға;</li> <li>• ҚР заңнамасына белгіленген тәртіпте жалғыз баспанасы апатты жағдайда деп танылған азаматтарға.</li> </ul> <p>*Ескерту. Жеңілдіктердің болуы туралы анықтаманы (Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, Чернобыль АЭС апатын жоюшыларға, әскери-интернационалистерге) онлайн алуға болады, ол үшін ЭЦҚ керек емес. Сіз туысқандарыңызға да көмектесесіз, себебі анықтаманы тек өзіңізге ғана емес, сонымен қатар туысқандарыңызға да ала аласыз.</p> <p>Бұл жерде «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 69-бабына сәйкес тұрғын үйге мұқтаж болып табыласыз, егер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан тұрғын үйді есепке қоюда және ұсыну сәтінде ҚР аумағында меншік құқығында тұрғын үй болмаса;</li> <li>• есепке қойған кезде және мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғын үй берген кезде осы елді мекенде меншік құқығында тұрғын үй болмаса;</li> <li>• өздеріне берілген сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын жайы болмаса;</li> <li>• сіздің отбасыңыз тұрып жатқан баспана белгіленген санитарлық және техникалық талаптарға жауап бермесе;</li> <li>• біріккен оқшауланбаған тұрғын бөлмелерде екі және одан да артық отбасы тұрса;</li> <li>• сіздің отбасыңызда кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарымен ауыратын науқастар болса (ҚР Үкіметінде бекітілген аурулардың тізімі бойынша), онда бір бөлмеде (пәтерде) бірге тұру мүмкін емес.</li> </ul>
<p>Мемлекеттен тұрғын алаңының қандай мөлшеріне үміткер болуға болады және тұрғын үй қандай болуы тиіс?</p>	<p>«Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 75-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттен тұрғын үй бір адамға пайдалы ауданның 15 шаршы метрден кем емес және 18 шаршы метрден артық емес, бірақ бір бөлмелі пәтерден немесе жатақханадағы бөлмеден артық емес мөлшерде ұсынылуы мүмкін.</p> <p>Егер отбасында жоғарыда көрсетілген аурулармен ауыратындар болса, онда оларға жеке бөлме ұсынылады. Сондай-ақ алынатын пәтердің ауданы егер отбасында жүктілігінің мерзімі 22 аптадан артық жүкті әйел болса үлкен болуы мүмкін.</p> <p>«Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 76-бабына сәйкес ұсынылатын тұрғын үй тұрмысқа жайлы болуы, қала сызбасында және мүгедектерге арналған қажетті шарттарды ескерумен орналасуы тиіс.</p>
<p>Тұрғын үйге кезекке тұру үшін қайда бару керек және қандай құжаттар қажет?</p>	<p>Жүгірудің екі жолы бар. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы құжаттардың толық пакетін ұсыну қажет.</p> <p>Қызметті алуда кезекке қою үшін құжаттарды беру кезінде уақытты үнемдеу үшін мемлекеттік қызметті онлайн алуға болады. Ол үшін осы сілтеме бойынша қажетті құжаттарды тіркеп өту және ЭЦҚ сұранысына қол қою қажет.</p>
<p>2 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық сұрақтары</p> <p>Мемлекеттен тұрғын үйді қалай алуға болады немесе қандай жағдайда маған бас тартуы мүмкін?</p>	<p>Өкінішке орай, сіздің бұл сұрағыңызға ешкім нақты жауап бермейді. 15 күнтізбелік күн ішінде сіз тұрғын үйді алуға кезекке қою туралы немесе бас тартудың негізді жауабы бар хабарлама аласыз. Хабарламада сіздің ағымдағы кезегіңіздің нөмірі көрсетілетін болады. Егер құжаттар онлайн берілсе – онда хабарлама сіздің жеке кабинетіңізге келеді, ал егер әкімдікте болса жеке өзіңіз ала аласыз немесе сізге почтамен жібереді.</p> <p>Тұрғын үйді онлайн алуға кезекті бақылау өте қолайлы. Ол үшін ЭЦҚ алудың қажеттілігі жоқ және құжаттардың қандай түрде берілгені маңызды емес. ЖСН және сіз кезекте тұрған аймақты көрсету жеткілікті.</p> <p>Кезек тәртібі өзгеруі мүмкін, оларға сәйкес тұрғын үй ұсынылатын азаматтардың үш тобы бар, (әр топ бойынша өз кезегі бар):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;</li> <li>• Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;</li> <li>• "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқалары мен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға жататын Қазақстан Республикасы азаматтарының пайдалануына беріледі. Азаматтардың аталған санаттарының жиынтық орташа айлық кірісі тұрғын жай беру туралы өтініш жасау алдындағы соңғы он екі айда отбасының әр бір мүшесіне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күн көріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен төмен болуға тиіс;</li> <li>• Халықтың әлеуметтік әлсіз топтары;</li> <li>• Мемлекеттік қызметкерлер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметкерлер, ғарышкерлікке үміткерлер, ғарышкерлер және мемлекеттік сайланатын лауазымды атқаратындар;</li> <li>• ҚР заңнамасымен белгіленген апатты тәртіптегі жалғыз тұрғын үйі бар азаматтарға.</li> </ul> <p>Жеке меншік тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы органнан жалға алынған мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді бірінші кезекте алу құқығына Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқалары мен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендері мен наградталған көп балалы аналарға, көп балалы отбасыларға жататын Қазақстан Республикасы азаматтары ие.</p> <p>Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтары несепке қою қағидаларының 12-бабына сәйкес әкімдік жыл сайын тұрғын үй алуға кезектегілер тізімін жылсайын жаңартады.</p>

(жалғасы 6 бет.)

## ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

## К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖҮГІНУЛЕРІ БОЙЫНША  
ТОП 10 НЕГІЗГІ СУРАҚТАРЫ

(жалғасы, басы 4-5 бет.)

		<p>Тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепте тұрған адамдардың тізімін өзек тілендіру мақсатында ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері мен интеграцияланған Тұрғын үйге кезекте тұрғандарды есепке алудың бірыңғай ұлттық жүйесі арқылы автоматтандырылған режимде коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж адамдардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының кезектілік тізіміне жыл сайын түгендеу жүргізеді.</p> <p>Ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаған не өтініш беруші мен оның отбасы мүшелері туралы мәліметтер өзгерген жағдайда, өтініш берушіні жергілікті атқарушы органдар Мемлекеттік корпорация не портал арқылы тиісті құжаттарды жаңарту қажеттігі туралы ұялы телефонға sms-хабарлама арқылы хабардар етеді.</p>
	Қандай жағдайларда және қандай негіздерде тұрғын үй алуға кезекке қоюдан бас тартуы мүмкін?	<p>Тұрғын үйді ұсыну үшін есепке қоюда сізге егер азаматтың соңғы 5 жыл ішінде мынадай жолдармен өз тұрғын үй шарттарын әдейі нашарлату нәтижесінде мұқтаж болғаны белгіленсе ба тартуы мүмкін:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• тұрғын орын жайды айырбастау;</li> <li>• тұрғын үйді «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 98-бабына сәйкес жергілікті атқарушы орган сатып алған жағдайдан басқа кезде, ҚР сол немесе басқа елді мекенінде тұрғанына қарамастан, оған меншік құқығында тиісті тұруға жарамды тұрғын үйді иеліктен шығару;</li> <li>• тұрғын үйді оның кінәсі бойынша бұзу немесе бүлдіру;</li> <li>• жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе баспанадан мұқтаж болмаған тұрғын үйден шығу;</li> <li>• жұбайы, кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз балалар, сондай-ақ еңбекке жарамсыз ата-анасынан басқа тұлғаларды қоныстандыру.</li> </ul>
	Қандай жағдайларда тұрғын үй алуға кезектен алып тастауы мүмкін?	<p>«Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 73-бабына сәйкес тұрғын үйді алуға кезектен мынадай жағдайларда алып тастай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• тұрғын үйді ұсыну негізі жойылды;</li> <li>• сіз басқа елді мекенге тұрғылықты жерге көшуді немесе мемлекеттік кәсіпорынан немесе мемлекеттік мекемеден жұмыстан шығуға шешім қабылдасаңыз;</li> <li>• тұрғын үй қажеттілігі туралы ұсынылған ақпарат құжаттарды тапсыруда шындыққа жанаспайтын болып табылса;</li> <li>• сіз жер учаскесін алдыңыз және өз тұрғын үйіңіздің құрылысын немесе тұрғын үйді сатып алуды аяқтадыңыз.</li> <li>• сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй алу.</li> </ul> <p>Жетім балалар және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ тұрғын үйге мұқтаж және тұрғын үйді алуға дейін есепке қойылған толық емес отбасылар, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға жататын Қазақстан Республикасы азаматтары кезектен алына алмайды.</p> <p>Кезектен алу туралы сізді есептен алу негіздерін көрсетумен шешім қабылданғаннан кейін 10-күндік мерзім ішінде жазбаша түрде міндетті түрде хабардар етуі тиіс.</p>
	Аула аумақтарын абаттандыру	<p>Приозерск қаласы аумағында 74 көп пәтерлі үй және 27 аула бар.</p> <p>2012-2019 жылдар аралығында балалар және спорт алаңдары орнатылған 23 аула аумағы абаттандырылды, бұл олардың жалпы санының 85 пайызын құрайды.</p> <p>Абаттандыру жұмыстары 2020-2021 жылдарға арналған Приозерск қаласының аула аумақтарын абаттандыру бойынша бекітілген бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылады. Аулаңыздағы жұмыс мерзімін Сіз Приозерск қаласы әкімдігінің ресми сайтында орналастырылған құжаттан біле аласыз.</p>
	Тұрғын үйлердің қасбеттерін жаңарту	<p>ҚР «Тұрғын үй қатынастары» туралы Заңның 2 бабы 14 тармағына сәйкес қасбеттер, шатырлар, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ алаңдары, лифтілер, шатырастылар, техникалық қабаттар, жертелелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көшпәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік кондоминиум аталған объектісінің ортақ мүлкі болып табылады.</p> <p>Осыған орай, жоғарыда аталған Заңның 32 бабы 1 тармағына сәйкес пәтерлердің, тұрғын емес үй – жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуді қоса алғанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі күтіп-ұстау және оның қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.</p> <p>«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес қала әкімдігі бірыңғай архитектуралық келбет беру үшін ғана көп қабатты тұрғын үйлердің шатыры мен қасбеттерін жөндеуге бюджеттен қаражат бөледі.</p> <p>2020 жылға 5 үйдің қасбеті мен шатырын жөндеуге қаражат бөлінді.</p> <p>Әрі қарай, жөндеу жұмыстары кезек-кезеңімен жүзеге асырылатын болады.</p>
3	Мұрағат ісінің жалпы мәселелері	<p>1. Азаматтық хал актілері жазбаларының көшірмелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттері шегінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының (ақпараттық жүйелері АХАЖ АЖ-мен ықпалдастырылған мемлекеттік органдарды қоспағанда), адвокатура органдарының, нотариустардың (АХАЖ АЖ-да азаматтық хал актілері жазбалары болмаған кезде) сұрау салулары бойынша, сондай-ақ басқа мемлекеттердің АХАТ органдарының (қызметтерінің) сұрау салулары бойынша ғана беріледі (жіберіледі).</p> <p>2. Жеке тұлғалардың өтініші бойынша азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәлікті немесе анықтаманы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жазбаша түрде немесе портал арқылы электрондық түрде ӘМ ҚР 28 мамыр 2020 жылғы № 64 «Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою қағидалары» бойынша жергілікті атқару органдары арқылы ұсынылады.</p> <p>Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктерді немесе анықтамаларды кез келген тіркеуші орган азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу орнына қарамастан береді.</p> <p>Өтініштерді қабылдауды және нәтижелерін беруді жүзеге асыратын мекеме:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) мемлекеттік корпорация арқылы;</li> <li>2) портал арқылы жүзеге асырылады.</li> </ol> <p>Мемлекеттік қызметтің нәтижесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы қайталама куәлік немесе анықтамалар;</li> <li>2) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап;</li> </ol> <p>2. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде, портал арқылы өтініш берген кезде, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы анықтама немесе дәлелді бас тарту электрондық түрде жіберіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер - 1 АЕК;</li> <li>2) азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама-0,3 АЕК;</li> <li>3) ТМД елдерінен азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді талап ету-0,5 АЕК;</li> <li>4) ТМД елдерінен басқа шет мемлекеттерден азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді талап ету - 1 АЕК.</li> </ol> <p>Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі құжаттарға сұраныстар орталық әділет органдары арқылы 1993 жылғы 22 қаңтарда Минскідегі қол қойылған азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенцияға сәйкес жүзеге асырылады.</p>

(жалғасы 7 бет.)



ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖҮГІНУЛЕРІ БОЙЫНША  
ТОП 10 НЕГІЗГІ СУРАҚТАРЫ**

(жалғасы, басы 4-6 бет.)

	<p>Әкімдік қаулыларының телнұсқаларын ұсыну</p>	<p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 19 қыркүйектегі №575 қаулысымен бекітілген Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларының 4-параграфы бойынша «Архив қоймаларынан істерді, құжаттарды беру тәртібі» бойынша жеке тұлғаның сұратуында оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Сұрату сұратылатын ақпараттың тақырыбын, мәселесін, хронологиясын көрсетуден тұрады. Сұратуға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қояды.</p> <p>Түскен өтініш (сұрату) 15 күнтізбелік күн ішінде қарастырылады. Өтініште көрсетілген сұрау ұйым архивте болса, ол құжаттың көшірмесі дайындалы. Сұрату бойынша берілген архивтік үзінділердің тентүпнұсқалығы ұйым басшысының қол қоюымен және ұйымның мөрімен куәландырылып, өтініш иесіне заң шеңберінде жауап беріледі.</p> <p>Сұратуды орындау үшін қажетті құжаттар ұйым архивінде болмаған жағдайда ұйым хатының бланкісіне сұратудың тақырыбы бойынша архивтік құжаттардың болмауының себептері туралы жауап жасалады.</p>
<p>4</p> <p>Еңбек пен халықты жұмыспен қамтудың, әлеуметтік қамсыздандырудың жалпы мәселелері</p>		<p><b>Атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі - АӘК)</b></p>
	<p>Атаулы әлеуметтік көмек алуға кімнің құқығы бар және АӘК қандай мерзімге тағайындалады?</p>	<p>АӘК отбасының әрбір мүшелеріне шаққандағы кірісі кедейлік шегінен төмен аз қамтылған отбасыларға, оның ішінде көпбалалыларға тағайындалады, яғни өмір бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызы (Қарағанды облысы бойынша 2020 жылдың 4 тоқсанына кедейлік шегі - 23501 теңге).</p> <p>Өтініш берген айдан бастап, ағымдағы тоқсанға тағайындалады.</p> <p>Мысалға, егерде отбасы АӘК 2020 жылдың 15 қарашасында өтініш берсе, онда оған АӘК қараша және желтоқсан айларына ғана тағайындалады.</p>
	<p>Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері қалай анықталады?</p>	<p>АӘК мөлшері балаларды қоса алғанда, отбасының барлық мүшелеріне кедейлік шегі мен жан басына шаққандағы табыс арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.</p> <p>Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде, тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркелген, бірге тұратын, ортақ шаруашылықты жүргізетін отбасының әрбір мүшесінің барлық табыс түрлері есепке алынады.</p>
	<p>Қандай жағдайларда атаулы әлеуметтік көмек тағайындалмайды?</p>	<p>1) Егер еңбекке жарамды отбасы мүшесі жұмысқа орналасуға ұсынылған шаралардан бас тартса, онда оның отбасының барлық мүшелері АӘК құқығынан айрылады;</p> <p>2) Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін көрінеу жалған мәліметтер және (немесе) анық емес құжаттар берген адамдарға (отбасыларға);</p> <p>3) Материалдық жағдайын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша дайындалған учаскелік комиссияның қорытындысына сәйкес, атаулы әлеуметтік көмек беруге мұқтаж емес адамдарға (отбасыларға) тағайындалмайды.</p>
	<p>Кепілдендірілген әлеуметтік пакет кімге беріледі?</p>	<p>Ұсынылып отырған нормаларға сәйкес, АӘК алушылар болып табылатын отбасылар қатарындағы балаларға кепілдендірілген әлеуметтік пакет ұсынылады:</p> <p>1) егер отбасында 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар болса, АӘК тағайындау кезінде, оларға АӘК тағайындау кезеңіне кепілдендірілген әлеуметтік пакет ұсынылады (тамақтану, гигиеналық құралдар);</p> <p>Жинақты ҚР Денсаулық сақтау министрлігі ұсынды, ол физиологиялық ерекшеліктерді, тағамдық және энергетикалық құндылықтар мен жас ерекшеліктеріне сәйкес тұтыну арақатынасын ескере отырып қалыптастырылды.</p> <p>2) егер отбасында 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар болса, АӘК тағайындау кезінде тиісті оқу жылы кезеңінде кепілдендірілген әлеуметтік пакет ұсынылады (ыстық тамақ, қалалық көлікте жол жүру және жылына бір рет мектеп формасы мен керек-жарақтары (кеңсе тауарлары)).</p>
	<p>Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау шарттары туралы кеңес алу үшін қайда жүгінуге болады?</p>	<p>Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау тәртібі туралы толық ақпарат алу үшін "Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ және "Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" КММ демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, Балхашская көшесі, 5, 101 кабинет, телефон 8(71039)52317, 54877 мекенжайына хабарласуға болады.</p>
		<p><b>Жұмыспен қамту</b></p>
	<p>Жұмысқа орналастыру сұрағы бойынша қайда жүгінуге болады?</p>	<p>Жұмысқа орналастыру сұрағы бойынша Сіз Приозерск қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығына (Балхашская көш., 5 үй мекенжайы бойынша) жүгінуге болады немесе E-gov электрондық үкіметтің жеке кабинеті арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу үшін өтінім жіберу қажет. Одан әрі, ЖҚО мамандары қаладағы бар жұмыс орындары бойынша консультация беріп, жұмысқа орналасуға жолдама береді.</p> <p>Сізге лайықты бос жұмыс орны болмаған жағдайда, жұмыспен қамтудың белсенді шараларына (жастар практикасы, қоғамдық жұмыстар, әлеуметтік жұмыс орны) қатысу ұсынылады.</p>
	<p>Жастар практикасы</p>	<p>ООО және ЖОО түлектері үшін меңгерген мамандықтары бойынша алғашқы еңбек өтілімен игеру мақсатында 25 АЕК (69450 теңге) еңбек ақысымен 6 айдан аспайтын мерзімге жастар практикасы ұйымдастырылады. Жастар практикасына 3 жыл ішінде оқуын аяқтаған және 29 жастан аспаған жұмыссыздар қатыса алады.</p>
	<p>Қоғамдық жұмыс</p>	<p>Қоғамдық жұмыс – алдын-ала кәсіптік даярлауды қажет етпейтін, әлеуметтік пайдалы бағыттағы жұмыссыздардың уақытша жұмыспен қамтылуы. Қоғамдық жұмыстарға:</p> <p>1) жұмыссыздар;</p> <p>2) оқудан бос уақытта студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмыстарда;</p> <p>3) тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдар қатысады.</p> <p>Жалақы мөлшері 1,5 ЕТЖ (63750 теңге).</p> <p>Қоғамдық жұмыстардың ұзақтығы 12 айдан аспайтын мерзімде.</p>
	<p><b>Әлеуметтік жұмыс орны</b></p>	
<p>Әлеуметтік жұмыс орны деген не?</p>	<p>Жұмыс берушімен Жұмыспен қамту орталығы арасында келісім негізінде жалақысын 35% мөлшерінде субсидиялаумен, бірақ ең төменгі жалақы мөлшерінен аспайды.</p> <p>Қатысу ұзақтығы 12 айдан аспайды.</p>	
<p>Әлеуметтік жұмыс орындары кімдер үшін құрылады?</p>	<p>Әлеуметтік жұмыс орындары басымдыққа ие жұмыссыздар үшін арнайы құрылады:</p> <p>1) табысы аз және көпбалалы отбасы мүшелері, мүгедек балаларды тәрбиелеуші адамдар;</p> <p>2) балалар ауышының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері;</p> <p>3) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар;</p> <p>4) мүгедектер;</p> <p>5) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және (немесе) мәжбүрлеп емдеуден өткен адамдар;</p>	

(жалғасы 8 бет.)